

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 94 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА № 94» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

« 15 » мамыр 2024 ж.г

№ 36

Жанкожа батыр ауылы

Село Жанкожа батыра

**2023-2024 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарында білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына, Қызылорда облысының білім басқармасының 2023 жылғы 18 сәуірдегі №43-нқ бұйрығына, аудандық білім бөлімінің 02 мамыр 2024 жылғы №86-уе бұйрығына сәйкес орта білім беру ұйымында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымындағы оқу сабақтарының аяқталуы – 2024 жылғы 25 мамыр.

2) 5, 6, 7, 8, 10 сынып білім алушылары қазақ тілі пәнінен аралық емтихандары – 2024 жылдың 27-30 мамыр аралығы.

3) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамыр-10 маусым аралығы.

4) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамыр-11 маусым аралығы.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып білім алушылары үшін:

1) қазақ тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 03 маусым;

3) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 06 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (Қазақстан тарихы) – 2024 жылғы 10 маусым;

3. 11 (12) сынып білім алушылары үшін:

- 1) қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 04 маусым;
- 4) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 07 маусым;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология) – 2024 жылғы 11 маусым.

4. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2023-2024 оқу жылын аяқтау қамтамасыз етілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ә. Жақсылыққа міндеттелінсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Негізі: Аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 02 мамыр күнгі №86-уе бұйрығы



Мектеп директоры:

[Handwritten signature]

А. Садиров